

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
хаттамадан көшірме

2023-2024 оқу жылындағы кезекті №3 Академиялық кеңес шешімдері

26.12.2023 ж. №3

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А. Кудышева

Хатшы Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №3 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023 жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуы және 2024 жылғы сұранысты талдау.
2. 3 курстың кәсіптік практикасының қорытындысы туралы.
3. ЖБП арналған Жаппай ашық онлайн курстарын әзірлеу барысы туралы.
4. Бітіруші түлек білім алушыларының ПББ (педагог білімін бағалау) сынақ тест нәтижесі туралы.
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Бірінші мәселе бойынша шешім:

- 2023 жылғы университет бітірушілерінің жұмыспен қамтылуы және 2024 жылғы сұранысты талдау туралы берілген ақпарат назарға алынсын.

2. Екінші мәселе бойынша шешім:

-2023-2024 оқу жылының күзгі семестрінде 3 курс студенттері кәсіптік практикаға академиялық кезеңмен қатар 15 аптаға жіберілді. Теориялық оқу – аптаның 3 күніне жоспарланып, практикаға толық әр аптаның 2 күніне «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру кестесіне» сәйкес 04.09.2023ж. - 15.12.2023ж. дейінгі аралыққа 1953 студент жіберілді.

Университет факультеттері бойынша 1850 студент педагогикалық практикадан, 76 студент психологиялық-педагогикалық практикадан және 103 студент өндірістік практикадан өтті.

3 курс студенттері жалпы 77 мекемеде, орташа есеппен 1 мекемеде 25 студент практикадан өтуге жіберілді.

ШЕШІМ: Практика нәтижесі қанағаттанарлық деп есептеліп, берілген ақпарат назарға алынсын.

3. Үшінші мәселе бойынша шешім:

- Жоспарланған бейне дәрістер мен онлайн курстарды түсіруді мерзімінде орындалуын, сапасын қадағалау кафедре меңгерушілеріне жүктелсін.

Ф 4.01-22

4. Төртінші мәселе бойынша шешім:

1.Тарих және педагогика факультеті - 28 студент, Өнер және білім факультеті - 24 студент, Филология факультеті - 17 студент тестке келмеді. Студенттердің ПББ тестіне толық қатысуы қадағалансын (жауапты: факультет декандары; орындалу мерзімінде);

2.6B01503-Информатика мұғалімін даярлау, 6B01502-Физика мұғалімін даярлау, 6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау БББ тест сұрақтарында қателіктердің көп кездесуі ескеріліп, қайта қаралсын (жауапты: кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: ақпан, 2024) ;

3.Платонуста бағдарламасында ПББ сынақ тестін жүргізуге мүмкіндік болмағандықтан, «ARTA» немесе басқа бағдарлама сатып алу қарастырылсын (жауапты: IT департаменті; орындалу мерзімі: маусым, 2024).

5 Әр түрлі мәселелер бойынша шешімдер:

5.1 Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы ұсынған Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жобасын талқылау.

ШЕШІМ: ҚР бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың жобасына берілген ұсыныстар назарға алынып, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жолдансын.

5.2 «Жәнібековтану» курсы оқу процесіне енгізу туралы

ШЕШІМ: «Жәнібековтану» курсы (3кредит) енгізу туралы қарастыру Академиялық істер департаментінің директоры Д.Т.Бердалиевке жүктелсін.

5.3 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

ШЕШІМ:

-Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын;

- З.Керімбаеваның «Қазақ ертегілерінің тілі» атты оқу құралы, докторант Ә.С.Қарманова, химия кафедрасының доценті, х.ғ.к. Ғ.М.Мадыбекова дайындаған «Аналитикалық химия (I бөлім)» атты оқулығы Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева